



№ 3 (31) 2013

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
<http://www.izgk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертацияларының негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

Редакциялық алқа:
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
Б.М. Бишманов
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
А.Д. Жүсіпов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлік
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru

Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының 20 жылдығына
арналған «Жаңа саяси бағыт жағдайларында Қазақстан Республикасының
заңнамасын жетілдірудің өзекті проблемалары» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференциядағы Қазақстан
Республикасының Әділет министрі Б.М. ИМАШЕВТЫҢ құттықтау
сөзі, Астана қ., «Radisson Astana» отелі, 2013 жылғы 31 мамыр 7

А.А. СМАҒҰЛОВ
Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының қалыптасуы мен
дамуы 10

Конституциялық және әкімшілік құқық 14

Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА
Әкімдерді сайлау - Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі
басқару жүйесін қалыптастыруға қарай шынайы қадам 14
А.Д. ЖҮСІПОВ

«Банк операциясы» және «банк мәмілесі» ұғымдардың арақа-
тынасы 19

Н.А. БИЕКЕНОВ
Қоғамдық тәртіпті полиция қызметінің санаты ретінде ұғынудың
теориялық мәселелері 25

Ә.Ә. ДӘУЛЕТХАНОВА
Қазақстан Республикасының Конституциясы – заң ғылымын дамыту
мен қоғамды реформалаудың негізі 30

Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы 35

М.К. СҮЛЕЙМЕНОВ
Қазақстанда соттан тыс дауларды реттеу: теория және практика
проблемалары 35

А.А. МҰҚАШЕВА

Су заңнамасының жүйесі: жай-күйі және перспективалары 42

Д.А. БРАТУСЬ
Авторлық құқықтағы новеллалар (I-бөлім) 48

Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу 56

С.М. РАХМЕТОВ
Сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу іс жүргізуіне
байланысты қауіп-қатер немесе зорлық әрекеттері үшін жауапкершілік
туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері 56

Н.А. САРТАЕВА
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: уақыт призмасынан
қарағанда (2004-2007 жж.) 62

Т.Ә. СЕРІКБАЕВ, М.Н. БАРАНОВ	
Кәмелетке толмағандар мен жастар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу.....	68
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану.....	72
М.А. СӨРСЕМБАЕВ	
КО (БЭК) құқығы мен қазақстандық құқықтың арақатынасы және республиканың егемендігін сақтау проблемалары	72
А.Ж. САҒИДАН	
Еуропалық Одақ заңнамасын үндестірудегі «жұмсақ құқықтың» рөлі	80
Құқықтық мониторинг және қолданыстағы НҚА-ға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама.....	84
З.Ғ. ҚАЗИЕВ.	
Әлеуметтік саладағы мониторинг: басым бағыттарды және заңнаманы талдау акценттерін айқындау.....	84
Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА	
Ойын бизнесі мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының практикалық жүзеге асырылуының өзекті мәселелері.....	89
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА	
Қолданыстағы заңнаманы жетілдірудің тиімді тетігі.....	94
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	97
Е. САҒУАНИ	
Терминнің нормативтік жүктемесі.....	97
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МҰШАНОВ	
Қазақстан Республикасының заң шығару қызметіндегі ғылыми лингвистикалық сараптаманың рөлі.....	100
Шетелдік тәжірибе	104
Б.М. МАГОМЕДОВ (Махачкала қ., РФ)	
Әкімшілік-делікттік атқарушылық заңнаманы жетілдіру: тарихи аспекті.....	104
Е.Н. ТОГУЗАЕВА (Саратов қ.)	
Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни өшпенділік пен араздықты қоздыратын насихатқа немесе үгітке тыйым салуды бекітудің халықаралық тәжірибесі.....	112
И.Э. МАРТЫНЕНКО (Гродно қ., Беларусь Республикасы)	
Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тарихи-мәдени мұраға қарсы жасалған қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық.....	117
С.В. ПРИЛУЦКИЙ (Киев қ.)	
Жаңа тұжырымдамалық мазмұнды іздену жағдайындағы Украина прокуратурасы.....	124
М.В. ДЕНИСЮК (Киев қ.)	
Роман-германдық құқық тобындағы азаматтық қоғам институттары.....	132
Д.Е. ВЕРГЕЛЕС (Киев қ.)	
Заңнаманы кодификациялау негіздері.....	137
В.Д. НЕДЫБАЛЮК (Киев қ.)	
Украина Конституциясына сәйкес «абырой» мен «қадір-қасиет» ұғымдарының арақатынасы жоғарғы әлеуметтік құндылықтар ретінде.....	142
Т.Н. АЛФЕРОВА (Днепропетровск қ.)	
Қоғамдық бақылау жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы ретінде	149
Л.В. МЕЖЕВСКАЯ (Днепропетровск қ.)	
Мемлекеттік қызметшілерді жұмыстан шеттетуді құқықтық реттеу (Ресей Федерациясы мен Украинаның еңбек заңнамасына салыстырмалы-құқықтық талдау)	157
Құқық қолдану тәжірибе	162
М.Е. ҚАЛМҰРЗАЕВА	
Атқарушылық іс жүргізу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдірудің кейбір мәселелері туралы.....	162

Жас ғалым мінбері	165
Р.Е. ЖАҚЫПОВ, Д.М. ҚАЛКЕНОВА (Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының 20 жылдығына арналған жас ғалымдар байқауының жеңімпаздары)	
Ұлттық ғылым жүйесін құқықтық реттеу аспектілері туралы.....	165
М.С. АБАҚАСОВ	
Соттық бақылаудың заңи табиғаты: мәні және нысаны.....	170
М.Е. ЖҰМАБАЕВА	
Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестер.....	177
Р.Е. ЖАҚЫПОВ	
Шоғырландырылған заң мәселесіне орай.....	181
Б.К. НАҒАШБАЕВА	
«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының № 39-ІІІ Заңына талдау.....	184
Ә.С. НӘБИЕВА	
Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың кейбір мәселелері.....	189
А.Қ. СҰЛТАНОВА	
Мемлекеттік басқарудағы саясат пен құқықтың рөлі.....	192
А.А. ШАРАПАТОВ	
Қылмыстылық детерминациясы.....	197
А.Б. КОЧУБАЕВ	
Сот бақылауы.....	200
А.Т. БЕРТАЕВА	
Халықаралық құқықтағы мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен халықтардың өзін-өзі билеу қағидаттарының ара қатынасы туралы мәселеге орай	204
А.С. АСЫЛБАЕВА	
Мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісі.....	209
Г.Б. ҚАРЖАСОВА	
Нарықтық экономика жағдайындағы салықты төлеуден жалтару қылмысын құқықтық реттеудің қажеттіліктері.....	215
Ақпараттық хабарламалар	220
2013 ж. 23-26 сәуірде Екатеринбург қ. өткен халықаралық ғылыми практикалық форум туралы ақпараттық хабарлама.....	220
2013 ж. 31 мамырда Астана қ. өткен «Жаңа саяси бағыт аясындағы Қазақстан Республикасы заңнамасын жетілдірудің өзекті мәселелері» атты Қазақстан Республикасы Заң шығару институтының 20 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	222
Даналық ойлар	226
Мерейтой	227
Профессор Д.Н. Бахрахтың өмір жолы мен заң ғылымындағы кезеңдері (80 жылдық мерейтойына орай)	227
Ардақты ұстаз (Профессор Р.Б. Құлжақаеваның мерейтойына орай).....	233
Ұстазымыз мәңгі есімізде (Белгілі ғалым – академик Ғ. Сапарғалиевтің туған күніне орай).....	240
Жақып Қажманұлы Асановтың туғанына 50 жыл.....	244



**№ 3 (31)
2013**

Собственник и издатель:

ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года

Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:

Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили
М.Ч. Когамов

Редакционная коллегия:

Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
Б.М. Бишманов
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
А.Д. Жусупов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:

Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172) 74-02-06; факс: 8(7172) 74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово Министра юстиции Республики Казахстан ИМАШЕВА Б.М. на международной научно-практической конференции, посвященной 20-летию Института законодательства Республики Казахстан на тему: «Актуальные проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан в условиях нового политического курса», г. Астана, отель «Radisson Astana», 31 мая 2013 года.....	8
А.А. СМАГУЛОВ Становление и развитие Института законодательства Республики Казахстан.....	12
<i>Конституционное и административное право</i>	14
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Выборы акимов – реальный шаг к формированию системы местного самоуправления в Республике Казахстан.	14
А.Д. ЖУСУПОВ Соотношение понятий «банковская операция» и «банковская сделка»....	19
Н.А. БИЕКЕНОВ Теоретические проблемы понимания общественного порядка как полицейской категории.	25
А.А. ДАУЛЕТХАНОВА Конституция Республики Казахстан – основа реформирования общества и развития юридической науки.	30
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	35
М.К. СУЛЕЙМЕНОВ Внесудебное урегулирование споров в Казахстане: проблемы теории и практики.	35
А.А. МУКАШЕВА Система водного законодательства: состояние и перспективы.....	42
Д.А. БРАТУСЬ Новеллы в авторском праве (часть I).	48
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	56
С.М. РАХМЕТОВ Вопросы совершенствования законодательства об ответственности за угрозу или насильственные действия в связи с осуществлением правосудия или производством предварительного расследования.....	56
Н.А. САРТАЕВА Уголовный кодекс Республики Казахстан: через призму времени (2004- 2007 годы).....	62

Т.А. СЕРИКБАЕВ, М.Н. БАРАНОВ	
Предупреждение преступности среди несовершеннолетних и молодежи.....	68
Международное право и сравнительное правоведение	72
М.А. САРСЕМБАЕВ	
Проблемы соотношения права ТС (ЕЭП) и казахстанского права и сохранения суверенитета республики.....	72
А.Ж. САГИДАН	
Роль «мягкого права» в гармонизации законодательства Европейского Союза.....	80
Правовой мониторинг и антикоррупционная экспертиза действующих НПА.....	84
З.Г. КАЗИЕВ	
Мониторинг в социальной сфере: определение приоритетных направлений и акцентов анализа законодательства	84
А.Г. КАЗБАЕВА	
Актуальные вопросы практической реализации законодательства Республики Казахстан по вопросам игорного бизнеса.....	89
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА	
Эффективный механизм совершенствования действующего законодательства.....	94
Из практики законотворчества на государственном языке	97
Е. САФУАНИ	
Нормативная нагрузка термина.....	97
М.Б. АСЫЛБАЕВ, Т.Е. МУШАНОВ	
Роль научно-лингвистической экспертизы в законотворческой деятельности Республики Казахстан.....	100
Зарубежный опыт	104
Б.М. МАГОМЕДОВ (г. Махачкала, РФ)	
Совершенствование административно-деликтного исполнительного законодательства: исторический аспект	104
Е.Н. ТОГУЗАЕВА (г. Саратов)	
Международный опыт закрепления запрета пропаганды или агитации, возбуждающих социальную, расовую, национальную или религиозную ненависть и вражду.....	112
И.Э. МАРТЫНЕНКО (г. Гродно, Республика Беларусь)	
Уголовная ответственность по законодательству Республики Казахстан за преступления против историко-культурного наследия.....	117
С.В. ПРИЛУЦКИЙ (г. Киев)	
Прокуратура Украины в условиях поиска нового концептуального содержания.....	124
М.В. ДЕНИСЮК (г. Киев)	
Институты гражданского общества в романо-германской правовой семье.....	132
Д.Е. ВЕРГЕЛЕС (г. Киев)	
Основы кодификации законодательства.....	137
В.Д. НЕДЫБАЛЮК (г. Киев)	
Соотношение понятий «честь» и «достоинство», как наивысших социальных ценностей, согласно Конституции Украины.....	142
Т.Н. АЛФЕРОВА (г. Днепропетровск)	
Общественный контроль как средство обеспечения безопасности дорожного движения	149
Л.В. МЕЖЕВСКАЯ (г. Днепропетровск)	
Правовое регулирование отстранения государственных служащих от работы (сравнительно-правовой анализ трудового законодательства РФ и Украины).....	157
Правоприменительная практика.....	162
М.Е. КАЛМУРЗАЕВА	
О некоторых вопросах совершенствования законодательства Республики Казахстан об исполнительном производстве.....	162

Трибуна молодого ученого.....	165
Р.Е. ЖАКУПОВ, Д.М. КАЛКЕНОВА (Победители конкурса молодых ученых, посвященного 20-летию Института законодательства Республики Казахстан)	
Об аспектах правового регулирования национальной научной системы.....	165
М.С. АБАКАСОВ	
Юридическая природа судебного контроля: сущность и формы.....	170
М.Е. ЖУМАБАЕВА	
Интеграционные процессы на евразийском пространстве.....	177
Р.Е. ЖАКУПОВ	
К вопросу о консолидированном законе.....	181
Б.К. НАГАШБАЕВА	
К анализу Закона Республики Казахстан «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» от 13 апреля 2005 года № 39-III.....	184
А.С. НАБИЕВА	
Некоторые вопросы государственного социального заказа.....	189
А.К. СУЛТАНОВА	
Роль политики и права в государственном управлении.....	192
А.А. ШАРАПАТОВ	
Детерминация преступности.....	197
А.Б. КОЧУБАЕВ	
Судебный контроль.....	200
А.Т. БЕРТАЕВА	
К вопросу о соотношении принципов территориальной целостности государств и самоопределения народов в международном праве.....	204
А.С. АСЫЛБАЕВА	
Новая модель государственной службы.....	209
Г.Б. КАРЖАСОВА	
Необходимость правового регулирования преступлений, связанных с уклонением от уплаты налогов, в условиях рыночной экономики.....	215
Информационные сообщения	220
Информационное сообщение о международном научно-практическом форуме 23-26 апреля 2013 года в г. Екатеринбурге.....	221
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан в условиях нового политического курса», посвященной 20-летию Института законодательства Республики Казахстан, г. Астана, 31 мая 2013 года.....	222
Мудрые мысли	226
Юбилеи	227
Этапы большого пути в жизни и юридической науке профессора Д.Н. Бахраха (К 80-летию со Дня рождения)	227
Досточтимый учитель (К юбилею профессора Р.Б. Кульжакаевой).....	236
Памяти Учителя (Ко дню рождения великого ученого – академика Г.С. Сапаргалиева).....	240
Асанову Жакипу Кажмановичу – 50 лет.....	244



*Дәулетханова Әсия Әлімғазықызы,
ҚР Заң шығару институты Құқықтық мониторинг орталығы
талдау және құқықтық мониторинг секторының
аға ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫ – ЗАҢ ҒЫЛЫМЫН ДАМУ МЕН ҚОҒАМДЫ РЕФОРМАЛАУДЫҢ НЕГІЗІ

Демократиялық мемлекет құру жолына түскен Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымындағы соңғы он бес жылда жүзеге асырылған сапалы өзгерістер мемлекеттің құқықтық жүйесін қалыптастыру мен басқару нысанын нығайтуда өзіндік бір сара жолға қадам басып келеді. Себебі, кез келген мемлекет үшін Негізгі Заңның маңызы зор. Әр елдің Конституциясы заң ғылымының негізі және қайнар көзі болып табылады. Ал, мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, дербес, зайырлы жаңа қоғамдық құрылыстың негізін қалай бастаған жас Қазақстан мемлекеті үшін Негізгі Заңның қай бағытта, қандай мазмұнда жазылып, іске асырылуы тіпті де аса қажеттілік екені белгілі. Осындай қажеттіліктерді игеру мақсатында қолданыстағы Негізгі Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы конституциялық реформаның жүзеге асырылып келе жатқаны белгілі. Осы барыста ел Президенті Н.Назарбаевтың: «Біз өзіміздің қазақстандық даму жолымызбен жүріп келеміз, осы жолмен жүруді қажет деп тапқанбыз. Біз біреудің дайын көшірмесін алуға ұмтылмай, еліміз бен халқымызға қажетті дегендерді ғана, жетілдіре пайдаланудамыз» [1] деген бағдарламалық сөзін басшылыққа алып қарастырғанда, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының республикалық референдумда жалпы халықтық дауыс беру жолымен қабылдануы, сонымен бірге уақыт талабына орай конституциялық реформа жүргізу Қазақстанның құқықтық мемлекет құру жолындағы қазіргі кезеңіне сай келетін конституциялық құрылыстың жаңа сатысында тұрғандығын айғақтайды.

Себебі, Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы «Қазақстан-2050»: стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «қоғам

әрбір қадам басқан сайын демократияландыру мен адам құқықтары саласындағы ең жоғары стандарттарға жақындап келеді» және «осы мақсатта жаңа 2013 жылдың өзінде ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртудың кезекті кезеңін бастау керек. Заңнама тек ұлттық мүдделерді ғана қорғап қана қоймай, қарқынды дамып отырған халықаралық құқықтық ортамен де үйлесуге тиіс. Үкіметке жария, сондай-ақ жеке құқықтың барлық базалық салаларында біздің құқық жүйеміздің бәсекелестігін арттыру жөнінде жүйелі шаралар қабылдауды тапсырамын» [2] - деген тұжырымдары арқылы ұдайы жаңғырту үдерісінің мемлекеттің эволюциялық даму жолында қаншалықты қажет екендігі айғақталады.

Олай болса, Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде өз елі үшін өз құндылықтарын өзі анықтауға құқылы, ол дегеніміз демократиялық қоғам қалыптастыру жолында не, қашан, қалай және қандай тізбектілікте іске асырылуы керек деген мәселенің шешімін табуға келіп тіреледі. «Бірқатар елдердегі мемлекеттік басқару жүйесінің трансформациялануын талдау барлық мемлекеттер үшін бірдей табысты болатын жалпы реформалау жолдарының жоқ екендігін көрсетеді. Әрбір ел үшін оңтайлы болатын реформалау үлгісі реформаға қарай жылжытатын себептер мен күштерді егжей-тегжейлі анықтауды талап етеді» [3, 41 б.] деген көзқарасты талдап қарастырар болсақ, Қазақстан Республикасының жаңа даму сатысының жаңа деңгейіне сәйкес келетін құқықтық жүйенің қажет болуына орай Қазақстан Республикасында жүргізілген конституциялық реформаның негізгі кезеңі болып есептелетін 1995-1998 жылдар аралығында Қазақстанның қазіргі даму бағдарын құру процесі басталған реформаға кезек келген еді. Ол ең алдымен, қолданыстағы Конституцияның ережелерімен айқындалады.

1995 жылғы Негізгі Заңды әзірлеуге 1990 жылғы 25-қазандағы «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация», 1991 жылғы 16-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң, сондай-ақ 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы сияқты заң актілері негіз болды. Жаңадан қабылданған Конституция туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың: «1995 жылы қабылданған Конституция Қазақстанда реформалар жүргізуге қуатты импульс берді» деген тұжырымы мемлекетте жаңа даму кезеңі басталғандығын жария етті [4, 91 б.]. Қазіргі кезде әлемнің мемлекеттік және аумақтық құрылым нысаны, саяси, экономикалық және мәдени жағынан әртүрлі 100-ден астам елінде өз Конституциясы бар. Мемлекеттің негізін қалаушы заңы ретінде Конституцияның тарихы екі ғасырдың қойнауында жатыр. Алғашқы, ең көне, бірақ әлі күнге дейін қолданыста жүрген, біршама өзгерістерге ұшыраған (көбіне толықтырулар), бірақ мағынасы бұрынғы қалпында қалған Конституция, бұл 1787 жылы қабылданған АҚШ Конституциясы. Қолданыстағы көптеген Конституциялардың мағынасы ұқсас, дегенмен олардың барлығының тиісті елдердің саяси, мәдени, діни, әлеуметтік, этникалық, тарихи және басқа да ерекшеліктеріне қарай, өз айырмашылықтары бар.

Қоғамда орын алған бір пікір ретінде біздің Негізгі Заң бірнеше рет өзгеріске ұшырады, ол дұрыс емес деген көзқарасты жоққа шығаруға болады. Бұл пікірді жақтаушылар АҚШ Конституциясын үлгі етіп алады (АҚШ Конституциясы бүгінгі күні әлемдегі ең көне қолданыстағы заң ретінде қалып келеді). Мұндай тұрақтылықты англосаксондық құқық жүйесінің ерекшеліктерімен түсіндіруге болады. Талдап айтар болсақ, бұл елде (АҚШ) Конституцияға енгізілетін өзгерістер оның мәтініне кіргізілмейді, ал оған қосымша ретінде белгілі бір нөмірлеу тәртібімен беріледі. Оның жекелеген штаттарында өз заңдары әрекет ететін болғандықтан, АҚШ Конституциясының тұрақтылығы сол арқылы қамтамасыз етіледі. Сондықтан, Конституция әрекет етуі үшін ол елдің шын мәніндегі жағдайын, халықтың құқықтық мәдениет деңгейі мен қоғамдық өмірдің көптеген факторларын ескеруі қажет. Мәселен, Қазақстан Республикасының Негізгі Заңы тәуелсіздік жылдарында бірнеше мәрте өзгеріске ұшырады. Осыдан 2 ғасырдай бұрын осы заманғы демократияның негізі қалана бастаған тұста, заңдар мен Конституцияға

жиі өзгерістер енгізуді қолдамайтын Америка президенті, Тәуелсіздік Декларациясының авторы Т. Джефферсон «заңдар мен адамзат институттары адамзат ақыл-ойының озық жетістіктерімен қол ұстаса жүруі тиіс» деп жазған екен [5, 9 б.]. Осындай өзгерістердің не үшін туындайтындығы, оларды талдау жолдарын теоретик-конституционалист ғалым Ғ. Сапарғалиев өте әділ талдап өткен, оған қандай-да бір тұжырым алып-қосу артық болар еді. «Қоғамдық қатынас ылғи да қозғалыста, өзгерісте болады, сондықтан конституциялық нормаларды өзгерту қажеттігі де туындайды. Мұндай процесс өтпелі үлгідегі қоғамға тән құбылыс. Нақ осындай қоғамда түбегейлі өзгерістер мейлінше тез және жиі жүреді. Бұл процестің Конституцияның жағдайына әсер етпеуі мүмкін емес. Осыны ескере отырып, өткеннен де сабақ алу керек. Конституцияның тұрақтылығын, оның беделінің жоғарылығын қамтамасыз ету үшін мұндай қажеттілік туған жағдайда Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды Конституцияға қосымша болатындай етіп, жеке ерекше нормативтік акті ретінде ресімдеу керек. Мұндай көзқарастың бірқатар сәтті жақтары бар. Біріншіден, Қазақстан Республикасы Конституциясының құрылтайшылық сипаты сақталады. Шын мәнінде, Қазақстан Республикасының Конституциясы, бірнеше ондаған, жүздеген жылдардан бері өмір сүретін мемлекеттің қатардағы кезекті Конституциясы емес. Ол жаңа құрылым мен басқару нысандарымен, қоғамның экономикалық құрылысының жаңа негіздерімен мүлдем жаңа үлгідегі мемлекетті құрды. 1995 жылғы Конституция Қазақстан мемлекетінің нақ қазіргі кезеңдегі қалыптасуы мен дамуының тарихи өзгерістері аясында туды. Сондықтан, ол өзіне айрықша мұқият қарауды, нақ осындай түрінде, қабылданған күйінде сақталуын талап етеді. Конституцияға деген құрмет сезімін қалыптастыру, ұрпақтардың алдында оның беделін тұрақты көтеру үшін де маңызды» [6, 31-32 б.].

Осылайша, 2007 жылғы конституциялық реформаның мазмұны жағынан ел өміріне елеулі өзгерістер алып келгендігін айтуға болады. Осы кезең аралығында кең көлемде жұмыстар жүргізілді, келешекте жасалатыны қаншама. Демек, ендігі жерде заңдарды ғана өзгертіп қоймай, халықтың саяси және құқықтық мәдениетін де көтеру беру керек. Республиканың тәуелсіздік алған жылдарында Елбасымыз Н. Назарбаев көптеген саяси жетілдіруді жүзеге асырды, соның нәтижесінде мемлекеттілік негіздері қалыптастырылды, құқықтық мем-

лекет пен азаматтық қоғам құру үшін қажетті алғышарттар жасалды, сонымен бірге елдің болашақта даму бағыты айқындалды. Шетелдік сарапшылардың пікірі бойынша Республиканы әрі қарай демократияландыру бағдарламасы Қазақстандағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесін айтарлықтай нық орнықтырады, әрі Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев мемлекеттік басқарудың қазақстандық үлгісін жетілдіру үшін қуатты іргетас жасауда деп есептейді. Қабылданған іс-шараларды іске асыру бүкіл Қазақстан қоғамына игілік алып келетін жолмен демократияны дамытуға мүмкіндік береді. Академик С. Зиманов 1996 жылдың өзінде: «Күшті мемлекет» және «күшті президенттік билік» деген ұғымдарды араластырмау керек. Қазақстан ең болмағанда ішкі ұйымдастыруында күшті мемлекет болуы үшін ондаған жылдар керек, ал күшті президенттік билік бүгін керек деген әділ тұжырым жасаған еді [7, 225 б.].

Қазақ елі міне осылайша, біртіндеп эволюциялық даму жолымен демократиялы азаматтық қоғам қалыптастыру жолында келеді деп айта аламыз. Мемлекеттің осындай жолмен дамуының дұрыстығы жайлы қазақтың көрнекті ағартушыларының бірі, ойшыл-реформатор А. Байтұрсынұлы өзінің саяси-құқықтық тұжырымдамасында «өркениетті, демократиялық құқықтық мемлекет құруды эволюциялық дамудың нәтижесімен байланыстырып қарап, реформаларды іс жүзіне асыру арқылы прогреске жетуді» [8, 85 б.] көксеген екен. Бұл тұжырым тәуелсіз Қазақстан қоғамы үшін де өзектілігін жоймайды. Осындай көзқарасты нақтылап айтар болсақ, қатардағы заңдарға қарағанда Конституция құқықтық тұрақтылық сияқты артықшылықты қасиетке ие. Басқаша айтар болсақ, Конституцияда бекітілген конституциялық құрылымның негіздері ел дамуындағы ұзақ мерзімді қажеттіліктер мен тенденцияларды қамтитын болғандықтан, тұрақтылық пен өзгеріссіз жағдайда болуы тиіс. Дегенмен, дәстүрлі деп атауға болатын бұл фактор біздің Конституциямыздың тұрақтылығын анықтаудағы жалғыз қасиет емес. Егер Негізгі заңда халықтың демократия мен еркіндікке қарай ұмтылысы тарихи және стратегиялық жағынан көрініс таппаса, халықтың мүддесін жүзеге асыруға кедергі келтірсе, онда мұндай Негізгі Заң ел үшін объективті бола алмайды. Біздің бұл көзқарасымыздың дұрыстығын профессор С. Ударцевтың мына тұжырымдамасы да одан әрі нақтылай түседі: «Конституция, оны ақылмен қолдана білгенде - даму, өзгерту әлеуетін қоса алғанда үлкен әлеуетке ие... Оны

қажеттіліксіз өзгертпеу керек, бірақ кей кезде ол керек те. Саяси реформалардың әрбір жаңа сатысы экономиканың, азаматтық қоғамның даму деңгейімен, халықтың саяси және құқықтық мәдениетімен тығыз байланысты болуы тиіс» [9].

Әрине, баршаға ортақ әділ де, ізгілікті заң үстемдік құратын демократиялық құқықтық мемлекет идеясы, қағидалары мен теориясы – сан ғасырлық өркениеттік даму барысының жемісі біздің қоғамымызға келіп жеткенінен бері көп уақыт өте қойған жоқ. Конституцияны қабылдау, реформалар жүргізумен конституциялық құқықтық мемлекетті құру процесі аяқталмайды, керісінше іс-жүзінде, жаңа қарқынмен басталады. Конституцияның ережелері заңдық күшіне енген соң, оған қарама-қайшы келетін барлық көріністер жойылуы тиіс. Конституция сол арқылы іс жүзінде әрекет етуші және үздіксіз, тұрақты жұмыс істеуші құжатқа айналады.

Сондықтан, қолданыстағы Конституцияның нарықтық әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүргізуге іргетас болуымен қатар, қоғамды демократиялық саяси-құқықтық жетілдірудің қуатты қайнар көзі болғандығын атап өту қажет, сол арқылы құқықтық және эволюциялық режим аясында осы заманғы мемлекеттік-құқықтық құрылымның көптеген мәселелерін де шешуге қол жеткізілді. Қолданыстағы конституциялық жүйенің тиімді әрекет етіп жатқандығына ең алдымен саяси тұрақтылық пен Қазақстан қоғамындағы азаматтық келісімді айтуға болады.

Дегенмен де, «Конституция негізінде туындайтын қарым-қатынастар негізгі екі тенденциямен сипатталады: бір жағынан, біз қоғамдық өмірдің көптеген салаларының либерализациялануын байқаймыз, ол әлеуметтік қарама-қайшылықтардың ушығуына алып келеді, екінші бір жағынан мемлекеттік биліктің қоғам мүддесінен әрі қарай оқшаулануы жүруде» деген А. Қараевтың сөзімен де келіспеуге болмайды [10, 98 б.]. Мемлекетте осындай жағдай туындамауы үшін Конституцияны әрі қарай жетілдіру қажеттілігі де орын алып келе жатыр, өйткені ол болып жатқан әлеуметтік-экономикалық трансформацияның ауқымы мен қарқынымен де, Конституцияның өзінің нормаларымен де айқындалып отыр.

Сол себепті де, әлемдік өркениеттің ең жоғарғы жетістіктерінің бірі құқықтық мемлекет тұжырымдамасын қазіргі кезде бүкіл әлем мойындап отыр. Осы мәселеге қатысты, американдық құқықтанушы Лоуренс Фридмэн: «Біз Конституцияның ықпалы туралы сөз еткенде, Конституцияның бар-жоғы қағаз

екендігі біздің есімізде тұруы керек. Оның сөздері мен сөйлемдерінде сиқыр жоқ. Америка Конституциясының өзі қуатты емес, ал конституциялық жүйесі қуатты. Бұл жүйе, біріншіден, қоғамның Конституцияға деген қатынасынан, ал екіншіден, Конституцияның айналасындағы тәртіп пен институттардың үлгісінен құралады» [11, 18 б.] деп айтқанындай, таяу болашақта Қазақстан мемлекеті де конституциялық жүйесін жаңа даму сатысына көтеретіндігін және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы Жолдауында: «жаңа он жылдықта біз өзіміздің экономикалық жоспарларымыздың табыстарын дәйекті саяси жаңғырту арқылы бекемдеп, саяси жүйемізді жетілдіруді жалғастырамыз. Және мұнда құқықтық реформа маңызды рөл атқаратын болады» [12] деп айтылғанындай, бұл салада да үлкен өзгерістер мен жаңғырту процесінің одан әрі жалғаса беретіндігі, сөйтіп, Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде

орнығуына қызмет ете беретіндігіне сеніммен қараймыз.

Бұл сөзімізге ел Президентінің 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауындағы Үкіметке 2013 жылы берілген тапсырмалары негіз бола алады, атап айтқанда, «Қылмыстық және Қылмыстық-іс жүргізу заңнамаларын реформалауды бастау керек. Ілгері ізгілендіруге, оның ішінде, экономикалық құқық бұзушылықты қылмыссыздандыруға маңыз беру керек, Парламентке 4 жаңа кодексті: Қылмыстық-іс жүргізу, Қылмыстық, Қылмыстық-орындаушылық және Әкімшілік құқық-бұзушылық туралы кодексті әзірлеп, енгізу керек. Бұл өзекті заң актілерінің қабылдануы қылмыстық сот ісін жүргізуді және, ең алдымен, қылмысқа қарсы мемлекеттің күрес саясатын тұжырымдық тұрғыдан жаңғыртады, біздің құқықтарымызды қазіргі сын-қатерлерге өз дәрежесінде әрекет жасайтындай деңгейге көтереді» [2] - деген тұжырымдамалық ойлары мемлекет дамуына кезекті тың серпіліс беретіндігі сөзсіз деп қараймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанды демократияландырудың жаңа кезеңі – еркін демократиялық қоғамды жедел дамыту: Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі. (Астана: 2007, 16 мамыр) // Егемен Қазақстан. – 2007. - 17 мамыр. - № 128.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»: Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. (Астана: 2012, 14 желтоқсан) // «Заң» деректер қоры.
3. Канаев С., Нурмагамбетов А. Некоторые вопросы реформирования государственного управления // Саясат-Policy. - 2008. - № 4 (апрель). – С. 41-46.
4. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда: ТОО «Арқо», 2006. – 372 с.
5. Джефферсон Т. О демократии. / Сост. Падова К. – СПб.: Лениздат, 1992. – 335 с.
6. Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: Академиялық курс. 2-басылым. - Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 480 б.
7. Зиманов С. Конституция и Парламент Республики Казахстан. - Алматы: Жеті Жарғы, 1996. – 352 с.
8. Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 2004. – 128 б.
9. Ударцев С.Ф. Некоторые вопросы конституционного развития Казахстана в современный период: тезисы докл. на пленарном заседании науч.-практич. конф.: «Конституционные инициативы Президента страны – фактор дальнейшего развития демократии». (Астана: 2009, 28 августа). // Интернет-ресурс // <http://www.dp-adilet.kz>.
10. Караев А.А. Верховенство и восприимчивость Конституции Казахстана // Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-жылдығына арналған Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде қалыптасу және даму мәселелері: халықаралық ғыл.-тәжірибелік конф. материалдары. - Алматы, 2005. – 96-106 б.
11. Альмадиев Б. Законность как государственно-правовой режим: логика перемен // Фемида. – 2002. - № 2. - С. 18-21.
12. Назарбаев Н.Ә. Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері: Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29-қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2010, 30 қаңтар. - № 33-35 (25881).



Мақалада Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық құрылыстың тұрақтылығына, қоғамды демократиялық дамыту мен реформалау бағытына негіз болатындығы талқыға түсіп, қарастырылған.

Түйін сөздер: адам құқықтары, азаматтық қоғам, конституциялық құрылыс, конституциялық реформа, құқықтық жүйені жаңғырту.

В статье автор рассматривает Конституцию Республики Казахстан как основу стабильности конституционного строя и демократического вектора развития и реформирования общества.

Ключевые слова: права человека, гражданское общество, конституционный строй, конституционная реформа, модернизация правовой системы.

The author of the article views the Constitution of the Republic of Kazakhstan as the corner stone of stability of the constitutional system and democratic vector of society development and reforming.

Keywords: Human rights, civil society, constitutional system, constitutional reform, legal system modification

Әсия Әлімғазықызы Дәулетханова,

ҚР Заң шығару институты Құқықтық мониторинг орталығы талдау және құқықтық мониторинг секторының аға ғылыми қызметкері, з.ғ.к.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – заң ғылымын дамыту мен қоғамды реформалаудың негізі

Даулетханова Асия Алимгазиевна,

старший научный сотрудник сектора анализа и правового мониторинга Центра правового мониторинга Института законодательства РК, к.ю.н.

Конституция Республики Казахстан – основа реформирования общества и развития юридической науки

Dauletkhanova Asya Alimgaziyevna,

senior research fellow sectors of the Center of legal monitoring Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, c.j.s.

Republic of Kazakhstan constitution is a foundation of society development and development of legal science

